

МКҚК №8 "Балбөбек" мектепке дейінгі ұйымы
Педагогикалық әдеп жөніндегі Кеңес туралы
ЕРЕЖЕ

Осы Ереже №8 "Балбөбек" мектепке дейінгі ұйымы МКҚК педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесінің (бұдан әрі-Кеңес) мәртебесі мен өкілеттігін айқындайды.

1. Жалпы ережелер

1.1. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес (бұдан әрі - Кеңес) білім беру ұйымдарында құрылатын және педагогтердің педагогикалық әдепті сақтауы мәселелерін қарайтын алқалы орган болып табылады.

1.2. Білім беру ұйымдарының педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесіне педагогтердің педагогикалық әдепті сақтауы мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалар жүгіне алады.

1.3. Кеңес өз қызметін "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына, осы Қағидаларға, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады және объективтілік пен әділдік, әдептілік қағидаттарын басшылыққа алады.

2. Кеңестің негізгі міндеттері мен өкілеттіктері

2.1. Кеңестің негізгі міндеттері:

- педагогикалық әдептің бұзылу мониторингі, профилактикасы және оның алдын алу;
- білім беру ұйымы ұжымының адамгершілік-психологиялық ахуалын жақсартуға, педагогикалық әдептің бұзылуына байланысты даулы жағдайларды реттеуге ықпал ету;
- педагогтердің жауапкершілігі туралы мәселені дұрыс қарау үшін қажетті және жеткілікті мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті зерттеу;
- педагогикалық әдепті бұзуға ықпал ететін себептер мен жағдайларды қарау және олардың негізінде білім беру ұйымының басшысына ұсынымдар әзірлеу болып табылады.

2.2. Кеңес өз құзыреті шегінде:

- өз отырыстарында педагогтер мен қаралатын мәселелерге қатысы бар тұлғаларды тыңдайды;
- білім беру ұйымының алдында тұрған міндеттерді орындау үшін қажетті құжаттарды, материалдарды және ақпаратты сұратады;
- педагогтер мен қаралып отырған мәселелерге қатысы бар адамдардан түсіндірмелер және (немесе) түсініктемелер талап етеді;
- педагогикалық әдепті бұзу фактілеріне тексеріс жүргізу туралы білім беру ұйымының басшысына ұсыныстар енгізеді;
- білім беру ұйымының басшысына еңбек тәртібін нығайту, педагогикалық әдептің бұзылуының алдын алу бойынша ұсыныстар енгізеді;

- білім беру ұйымы басшысының қарауына педагогикалық әдепті бұзғаны үшін жауапкершілік туралы ұсыныстар енгізеді;
- Кеңестің ұсынымдарын тиісті түрде қарастырмаған білім беру ұйымының лауазымды тұлғаларының жауапкершілігін қарау туралы ұсыныстармен құзыретті мемлекеттік органдарға немесе тиісті лауазымды тұлғаларға жүгінеді;
- тараптарды татуластыру бойынша жұмыс жүргізеді.

3. Кеңес қызметін ұйымдастыру

1. Кеңестің өкілеттік мерзімі үш жылды құрайды.
2. Кеңес төрағадан, хатшыдан және Кеңестің басқа да мүшелерінен тұрады. Кеңес мүшелерінің саны тақ болуы және 7 адамнан кем болмауы тиіс (Кеңес хатшысын есептемегенде).
3. Кеңеске білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органдардың, кәсіподақ, қоғамдық ұйымдардың өкілдері, зейнеткерлікке шыққан педагогтар, осы ұйымның ұжымында құрметке ие болған мектепке дейінгі ұйымның педагогтері кіруі мүмкін.
4. Ұйым басшысы, әкімшілік және көмек көрсету персоналының қызметкерлері Кеңестің құрамына енгізілмейді.
5. Кеңестің құрамын Педагогикалық және ата-аналар қоғамдастығының пікірін ескере отырып, білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету жөніндегі аумақтық департаменттің ұсынуы бойынша ұйымның Қамқоршылық Кеңесі сайлайды.
6. МДҰ басшысы кеңесті қалыптастыру кезінде заңнама талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді.
7. Білім беру ұйымы Кеңестің жұмыс органы болып табылады.
8. Кеңестің құрамы МДҰ бұйрығымен қалыптастырылады және бекітіледі.
9. Кеңес құрамына:
 - сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп таныған;
 - сот белгілі бір мерзім ішінде мемлекеттік лауазымдарды атқару құқығынан айырған;
 - мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылығы үшін жұмыстан босатылған;
 - бұрын сотталған немесе қылмыс жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтан Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабының бірінші бөлігі 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде босатылған;
 - азаматтың қатарынан үш және одан да көп сағат ішінде дәлелді себепсіз жұмыста (қызметте) болмауы негізінде жұмыстан шығарылған жағдайларды қоспағанда, құқық қорғау органдарынан, арнаулы мемлекеттік органдар мен соттардан, әскери қызметтен теріс себептер бойынша босатылған адамдар кірмейді.
10. Кеңестің төрағасы мен хатшысы Кеңестің бірінші отырысында дауыс беруге қатысушылар арасынан Кеңес мүшелерінің көпшілік даусымен сайланады.

11. Кеңес Төрағасы отырыстарды ұйымжастырады және күн тәртібін айқындайды.

12. Кеңес мүшелері: күн тәртібі бойынша ұсыныстар енгізуге, материалдарды дайындауға және отырыста қаралатын мәселелерді талқылауға қатысуға құқылы.

13. Кеңестің шешімі бойынша кеңес мүшесі мына жағдайларда оның құрамынан шығарылуы мүмкін: отырыстарға қатыспау, шығу туралы Жеке тілек білдіру, қағидалар талаптарын бұзу

14. Кеңес Отырыстары:

- егер оларға кеңес мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі (4-5 адам) қатысса, заңды деп саналады)

- кеңеске өтініштердің келіп түсуіне қарай не кеңестің негізгі міндеттерін орындауға байланысты өтініштерді қарау үшін Кеңес төрайымының бастамасы бойынша жүргізіледі;

- отырыстардың өткізілетін күні туралы ол өткізілгенге дейін күнтізбелік 7 күн бұрын, ерекше жағдайларда 3 күннен кешіктірілмей хабардар етіледі;

- кеңес мүшелері оның отырыстарына алмастыру құқығынсыз қатысады.

15. Кеңес шешімдерді қатысушылар санының жай көпшілік даусымен қабылдайды.

Тең болған жағдайда Кеңес төрайымының дауысы шешуші болып табылады.

16. Кеңес мүшесі, егер ол өзіне қатысты тәртіптік жауапкершілік қаралатын адаммен байланысты болса, іс бойынша талқылауға және дауыс беруге қатыса алмайды.

17. Кеңес отырысы оның төрайымы қол қоятын хаттама түрінде ресімделеді.

18. Педагогке қатысты тәртіптік іс осы кезеңге тоқтатыла тұрады:

- уақытша еңбекке жарамсыздығы;

- демалыста немесе іссапарда болу;

- біліктілікті арттыру курстарында болу;

- лауазымдық міндеттерін орындаудан босату;

19. Хатшы тәртіптік жауаптылыққа тартылатын адамдарды Кеңес отырысының өткізілетін орны мен уақыты туралы хабардар етеді.

20. Тәртіптік істі кеңестің отырысында қарау, егер жауапқа тартылатын адамдар отырыстың уақыты мен орны туралы кемінде 3 күн бұрын тиісті түрде хабарланса, олардың қатысуынсыз өтуі мүмкін.

21. Адамды шақыру хабарламасын тіркейтін хатпен немесе өзге де байланыс құралдарымен хабардар ету тиісінше хабарлау деп танылады.

22. Отырыста педагогтің тәртіптік жауапкершілігін қарау кезінде Кеңес мынадай мәселелерді шешеді:

- педагогтің тәртіптік жауапкершілігін қарау үшін негіз болып табылатын нақты іс-әрекет (әрекетсіздік) орын алды ма;

- бұл іс-әрекет тәртіптік теріс қылық болып табыла ма және ол заңнаманың қандай нормаларын бұза отырып жасалған ба;

- педагог бұл қылықты жасады ма, оның кінәсі;

- педагогтің тәртіптік жауапкершілігін тарту мерзімі сақталды ма;

- мұғалімге жазаның қандай түрін қолдану ұсынылады.

23. Тәртіптік істі қарау қорытындылары бойынша кеңес МДҰ басшысына педагогке тиісті тәртіптік жаза қолдануды немесе қолданбауды ұсынуы мүмкін.

24. Педагогке қатысты талқылаулар және олардың негізінде қабылданған шешімдер оның келісімімен ғана жариялылыққа берілуі мүмкін. Өз қызметі барысында Кеңес мүшелері дербес деректер туралы заңнаманың талаптарын сақтайды.

25. Кеңес шешімі ұсынымдық сипатта болады.

26. Кеңес жүктеген негізгі міндеттер тиісінше орындалмай және заңнама талаптары бұзылған жағдайда тиісті облыс бойынша аумақтық БСБД ұсынуы бойынша Кеңес таратылады. Келіп түскен ұсынымға сәйкес 10 күн ішінде МДҰ басшысы кеңесті тарату туралы бұйрық қабылдайды.